

**2006 жылғы 28-30 маусымда Алматы қаласында Экономикалық ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің аға лауазымды тұлғаларының отырысын және қоршаған орта министрлерінің үшінші мәжілісін дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 27 маусымдағы N 173-ө  
Өкімі

2006 жылғы 28 - 30 маусымда Алматы қаласында Экономикалық ынтымақтастық ұйымына (бұдан әрі - ЭЫҰ) мүше елдердің аға лауазымды тұлғаларының отырысын және қоршаған орта министрлерінің үшінші мәжілісін тиімді дайындауды және өткізуді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған 2006 жылғы 28 - 30 маусымда Алматы қаласында ЭЫҰ-ға мүше елдердің аға лауазымды тұлғаларының отырысын және қоршаған орта министрлерінің үшінші мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне ЭЫҰ ресми делегациялары мүшелерінің және Хатшылығы қызметкерлерінің "Анкара" қонақ үйінде тұруына және оларды тамақтандыруға 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 5694600 (бес миллион алты жүз тоқсан төрт мың алты жүз) теңге сомасында қаражат бөлсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2006 жылғы 27 маусымдағы  
N 173 - ө өкімімен

бекітілген

**2006 жылғы 28 - 30 маусымда Алматы қаласында Экономикалық ынтымақтастық ұйымына мүше елдердің аға лауазымды тұлғаларының отырысын және қоршаған орта министрлерінің үшінші мәжілісін дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары**

Р/с N №	Іс-шаралар	Орындау мерзімі	Іс-шаралар үшін жауаптылар
1	2	3	4

1.	Алматы қаласы әуежайының VIP залы арқылы ресми делегацияларды, бірге жүретін адамдарды, ЭЫҰ Хатшылығының қызметкерлерін және халықаралық ұйымдардың шақырылған өкілдерін қарсы алуды және шығарып салуды ұйымдастыру, визалық қолдауды ресімдеу	2006 жылғы 26 маусым - 1 шілде	Сыртқы істер министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі
2.	Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуге рұқсат беру	2006 жылғы 26 маусым - 1 шілде	Көлік және коммуникация министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті
3.	Арнайы ұшақтардың тұрағын, оларға қызмет көрсетуді және жанармай құюды қамтамасыз ету	2006 жылғы 26 маусым - 1 шілде	Көлік және коммуникация министрлігі
4.	Алматы қаласының әуежайын, делегациялар орналасатын және отырыстар өткізілетін орындарды мүше елдердің мемлекеттік туларымен және ЭЫҰ туымен, ағылшын, қазақ және орыс тілдеріндегі құттықтау транспаранттарымен безендіру	2006 жылғы 26 маусым - 1 шілде	Алматы қаласының әкімдігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
5.	Құқық қорғау органдарының өкілдерін қ а т ы с т ы р а отырып, штаб құру (күзет, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бірге жүру)	2006 жылғы 26 маусым - 1 шілде	Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті
6.	Делегация күзетіне арналған арнайы рұқсаттамаларды жасау (автокөлік, бәйдждер)	2006 жылғы 27 маусым	Ішкі істер министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
7.	Делегациялар орналасатын орында күзетті қамтамасыз ету қызметі үшін штабтық үй-жайларды жабдықтау	2006 жылғы 29 маусым - 1 шілде	Ішкі істер министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
8.	Делегацияларға, ЭЫҰ Хатшылығының қызметкерлеріне және халықаралық ұйымдардың шақырылған басшыларына көліктік қызмет көрсету	2006 жылғы 26 маусым - 1 шілде	Сыртқы істер министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Алматы қаласының әкімдігі
9.	Делегацияларды және ЭЫҰ Хатшылығының қызметкерлерін қонақ үйге орналастыруды ұйымдастыру	2006 жылғы 26-30 маусым	Сыртқы істер министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
10.		2006 жылғы 26 маусым - 1 шілде	Қоршаған ортаны қорғау министрлігі

	Ресми делегация мүшелерін және ЭЫҰ Хатшылығының қызметкерлерін тамақтандыруды ұйымдастыру		
11.	ЭЫҰ Хатшыларының, қызметкерлеріне арналған екі штабтық бөлмені, баспасөз орталығына және делегациялар өкілдеріне арналған бөлмені қамтамасыз ету (ұйымдастыру техникасымен, ксерокспен, телефон және факсимильді халықаралық байланыспен, Интернетпен, кеңсе тауарларымен, қағазбен жаратқандыру)	2006 жылғы 26 маусым	Қоршаған ортаны қорғау министрлігі, Сыртқы істер министрлігі
12.	Қонақ үй ғимаратында отырыстар өткізу үшін ретімен отырғызу және залды техникалық безендіру (мемлекеттік тулар және ЭЫҰ туы, үстел үстіне қойылатын табличкалар, мүше елдердің және ЭЫҰ жалаушалары, гүлдер, микрофондар, наушниктер, ілеспе аудармашыларға арналған кабиналар)	2006 жылғы 26-30 маусым	Сыртқы істер министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
13.	Ілеспе және дәйекті аударманы қамтамасыз ету	2006 жылғы 28-30 маусым	Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
14.	Бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау (анонс, аккредиттеу, баспасөз орталығын ұйымдастыру және жабдықтау)	2006 жылғы 26 маусым - 1 шілде	Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
15.	ЭЫҰ-ға мүше елдердің қоршаған орта министрлерінің үшінші мәжілісін жария етуді қамтамасыз ету	2006 жылғы 1 шілде 26 маусым	Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
16.	ЭЫҰ-ға мүше елдердің қоршаған орта министрлерінің үшінші мәжілісіне келген делегация басшыларын жалпы суретке түсіру	2006 жылғы 30 маусым	Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
17.	Екі жақты кездесулер өткізілетін орындарды анықтау және дайындау (үстел үстіне қойылатын табличкалар, жалаушалар, кеңсе тауарлары)	2006 жылғы 30 маусым	Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
18.	ЭЫҰ-ға мүше елдердің делегациялары, ЭЫҰ Хатшылығының қызметкерлері және халықаралық ұйымдардың шақырылған өкілдері үшін мәдени бағдарлама дайындау және өткізу (Алматы қаласы бойынша экскурсия, Медеуге, Шымбұлаққа және мұражайға бару)	2006 жылғы 29 - 30 маусым	Алматы қаласының әкімдігі, Сыртқы істер министрлігі, Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
19.	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің атынан	2006 жылғы 30 маусым	Қоршаған ортаны қорғау министрлігі,

ЭЫҰ-ға мүше елдердің қоршаған орта министрлерінің үшінші мәжілісіне қатысушылардың құрметіне ресми қабылдауды ұйымдастыру (қабылдауды өткізу орнын анықтау және безендіру, күзет іс-шаралары, ас мәзірін, концерттік бағдарлама дайындау)

Сыртқы істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Ішкі істер министрлігі, Республикалық ұлан

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК